

## ШАҒЫМДЫ ШЕШУ САТЫЛАРЫ:

Өтініш пен шағымды қабыл алған күннен кейін азаматтардан мемлекеттік мекеме лауазым иесіне білдірген өтініш және шағымдарды шешу туралы заң бойынша 30 тәулік ішінде шешіп, қажетті жағдайда 30 тәулікпен ұзартуға болады.



### АРЫЗ ШАҒЫМДЫ ҚАБЫЛДАП АЛУ ЖӘНЕ ТІРКЕУ

Арыз шағым жауаптанған қызметкер келтірілген арыз бен шағымды қабыл алып тіркеп, қабылдап алғаны жөнінде шағым білдірушіге мәлімдейді.



### ШАҒЫМ МЕН АРЫЗҒА БАҚЫЛАУ ҚОЮ

Жобаны жүзеге асырушы мекемелер қабылдап алған арыз бен шағымның жобаға қатыстылығын анықтап тексереді. Егер мәселені ары қарай тексеріп шешетін болса, арыз бен шағым жауаптанған қызметкерге өткізеді.



### АРЫЗ БЕН ШАҒЫМДЫ ШЕШУ

Арыз бен шағым жауаптанған қызметкер онда жазылған мәселелерді тексеріп тектеп, мәселе бойынша алынған шаралар жөнінде басшылыққа таныстырады. Шағымды басшы лауазым иесі өз құзіреті аясында шешеді.



### ШАҒЫМ ЖАЗУШЫҒА ЖАУАП БЕРУ

Өтініш пен шағымды шешкендігі жөніндегі жауапты ауызша, телефон және ғаламтор арқылы немесе ресми хат қатарлы қай ыңғайлы нұсқада шағым білдірушіге мәлімдейді. Егер шағым білдіруші шешімді мойындамаған жағдайда келесі сатылы мемлекеттік мекеме немесе Әлемдік банктің шағымды шешу қызметіне арыз жазады.



Арыз жазушының мәліметін азаматтардан мемлекеттік мекеме және лауазым иесіне білдірілген шағым мен өтінішті шешу туралы Моңғолия заңында көрсетілгендей құпия да сақтайды.

## БАЙЛАНЫС ЖАСАУ:

🏠 Мекенжайы: сан бизнес орталығы  
501-бөлме. Үкіметбасшысы Амар  
көшесі 29. Бага тойру 14200.  
Сүхбаатар ауданы 8-ауылжай,  
Улаанбаатар қаласы, Моңғолия

☎ 75057570  
🌐 [www.mesp.mn](http://www.mesp.mn)  
✉ [info@mesp.mn](mailto:info@mesp.mn)  
📌 <https://www.facebook.com/Mongolia.Employment.Support.Project>



ХӨДӨЛМӨР, НИЙГМИЙН  
ХАМГААЛЛЫН ЯАМ



ХӨДӨЛМӨР  
ЭРХЛЭЛТИЙГ  
ДЭМЖИХ ТӨСӨЛ



THE WORLD BANK  
IBRD • IDA | WORLD BANK GROUP

## ЕҢБЕКПЕН ҚАМТУДЫ ҚОЛДАУ ЖОБАСЫ ШАҒЫМДАРДЫ ШЕШУ МЕХАНИЗМІ





## ЖОБАНЫҢ ШАҒЫМДАРДЫ ШЕШУ МЕХАНИЗМІ ДЕГЕН НЕ?

Шағымдарды шешу механизмі жобаның игілігін көруші, келісімшартпен жұмыс атқарушы, жобаға қатысушы тараптар мен жоба үдерісі кезінде ықпал етуі мүмкін азаматтар мен көпшіліктің пікір ұсынысын білдіріп, дауысын жеткізетін құрал болып табылады.

Тараптардан келтірілген өтініш пен шағымды дер кезінде нәтижелі жедел шешу, жобаның іс әрекетін көпшілікке ашық, әділ, нәтижелі жүзеге асыру және жариялылықты қамтамасыз ету шағымдарды шешу механизмінің басты мақсаты.



## ҚАНДАЙ ЖАҒДАЙДА ӨТІНІШ, ШАҒЫМ БІЛДІРУГЕ БОЛАДЫ?

- Жоба барысында жүзеге асырылып жатқан іс-шаралар және жүзеге асырушы ұйымдар Моңғолияның заңнамалары мен тәртіп ережелерді бұзған;
- Жоба іс әрекетіне қатысты мәліметалу құқығы шектелген, шектетілген жоба іс әрекетіне қатысы жоқ тұлғалардың қатысуы әшкереленген;
- Жоба іс шарасына қатысушы тараптар алаяқтық жасап,
- пара алған немесе жобаның тәртібі мен ережесін бұзған;
- Жобаны жүзеге асыру барысындағы кез келген іс әрекет жергілікті азаматтардың денсаулығы, қауіпсіздігі және табиғи ортаға қандай бір кері әсерін тигізген;
- Басқа да жағдайда біреудің ықпалына кірген, кіруі мүмкін деп көрген азамат және көпшілік шағым білдіруіне болады.



## ШАҒЫМ ҚАЛАЙ ШЕШІЛЕДІ?

Жобаны жүзеге асыруға байланысты шағымды азаматтардан мемлекеттік мекеме, лауазым иесіне өтініш шағым білдіруді шешу туралы заң және жобаның шағымды шешу механизміне негіздеп шешеді. Жобаны жүзеге асырушы бірлік шағым бойынша жеке дара шешім қабылдауға құқығы жоқ және шағымды шешу құзіреті бар мекемелерге жеткізіп, оны шешу үдерісін үйлестіріп, шағым білдірушіге соңғы жауабын беріп шағымды шешу механизмі іс әрекетіне қатысты есеппен жұмыстайды.



## ӨТІНІШ ПЕН ШАҒЫМДАР ҚАНДАЙ ЖОЛДАР АРҚЫЛЫ АЛЫНАДЫ?

Жобаны жүзеге асырушы мекемелерге қатысты өтініш пен шағымдар жауаптанған мамандар жоба іс әрекетіне қатысты келтірілген өтініш пен шағымдарды төменде көрсетілген жолдар арқылы Тұрақты қабылдайды.



№	Мекеме аты	Байланысқа шығу	Мекенжайы
1	Еңбекпен қамтуды қолдау жобасын жүзеге асырушы бірлік	Жоба вэбсайтында орналасқан <a href="http://www.mesp.mn">www.mesp.mn</a> және төмендегі телефон нөмірі, электрондық пошта арқылы шағым қабылданады ✉ <a href="mailto:info@mesp.mn">info@mesp.mn</a> ☎ +976-75057570	Моңғолия Улаанбаатар қаласы Сүхбаатар ауданы 8-ауылжай Бага тойруу 14200, Үкіметбасшысы Амар көшесі Сан бизнес орталығы
2	Еңбек әлеуметтік қорғау министрлігі	✉ <a href="mailto:info@mlsp.gov.mn">info@mlsp.gov.mn</a> 🌐 <a href="http://www.mlsp.gov.mn">www.mlsp.gov.mn</a> ☎ +976-51-261553 +976-51-267635	Моңғолия, Улаанбаатар қаласы Чингэлтэй ауданы 4-ауылжай БҰҰ-ы көшесі
3	Еңбек қамқорлық даяшылық бас басқармасы	✉ <a href="mailto:info@hudulmurhalamj.gov.mn">info@hudulmurhalamj.gov.mn</a> 🌐 <a href="http://hudulmur-halamj.gov.mn">hudulmur-halamj.gov.mn</a> ☎ +976 77315091	Моңғолия, Улаанбаатар қаласы, Хан-уул ауданы 2-ауылжай. Шыңғыс даңғылы. Еңбек сарайы
4	Аймақтық еңбек қамқорлық даяшылық басқармасы және бөлімі	<a href="http://www.hudulmur-halamj.gov.mn">www.hudulmur-halamj.gov.mn</a> парақшасынан 21 аймақ, 9 ауданның Еңбек, қамқорлық даяшылық басқармасы және бөлімінен ақпарат алуға болады.	<a href="http://www.hudulmur-halamj.gov.mn">www.hudulmur-halamj.gov.mn</a> парақшасынан 21 аймақ, 9 ауданның Еңбек, қамқорлық даяшылық басқармасы және бөлімінен ақпарат алуға болады.

Шағымды жоба жүзеге асырылған уақыт ішінде қай кезде де білдіруге болады. Шағым өтініштерді заңнамалар мен ережелерге сәйкес жазбаша, ауызша және электрондық нұсқада шығаруға болады.